



SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

<https://korkyt.edu.kz/>

№9 (434) 22 қазан, 2022 жыл



Құрметті жерлестер, әріптестер! Қымбатты жастар!

Баршаңызды еліміздің ұлық мерекесі 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл Егемендік күні еліміздің басты мерекесі ретінде бекітілді.

Еліміздің тарихында Мемлекеттік егемендік туралы Декларация Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен 1990 жылғы 25 қазанда қабылданғаны белгілі. Еркіндіктің символы – Егемендіктен дербес мемлекеттілігіміз бастау алды.

Ендеше, бұл – барша қазақстандықтар үшін айрықша күн. Бұл тарихи құжаттың қабылдануы халқымыздың еңсесін тіктеп, ұлттық рухының көтеріліп, жаңа деңгейге қадам басуына жол ашты.

Бүгінде елдігіміз нығайып, мәртебесі биік, біртұтас, экономикасы тұрақты ел болып қалыптастық. Біздің ендігі міндет – егемен еліміздің игілігі жолында үздіксіз еңбек ету, жаңа бастамаларды жүзеге асыру.

Сіздерді Республика күні мерекесімен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін!

Егемен еліміздің көк туы әрқашан биікте желбірей берсін!

**Ізгі ниетпен
Бейбіткүл КӘРІМОВА,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры,
қалалық мәслихат депутаты**



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ



Құрметті университет ұжымы! Қадірлі білім алушылар!

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймын!

Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін қадап айтты. Елдігіміздің қалыптасуы үшін бұл өте маңызды.

Ең бастысы, барлық жетістіктің бастауы - ауызбірлігіміз нығая түссін.

Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолында жастарға артылар сенім өте зор. Қазақстан халқының жеткен жетістігі, тұрақтылығы мәңгілік жалғасын тапсын. Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлем мойындайтындай дәрежеде таныла түссін деген жүрекжарды тілегімді жеткіземін.

Қазақтың әр шаңырағында шаттық шуағына бөленген, бірлік-береке ұйысқан жарасымды тіршілік орнасын.

**Қазыбай Құдайберенов
Ардагерлер кеңесінің төрағасы**



Сүйісші

Республика күні қарсаңында ҚР Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Осы

тізімде біздің университет ғалымдарының болуы зор мәртебе. Атап айтқанда, «Қорқыттану» ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібозұлы «Парасат» орденімен, «Физика және математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы «Ерен Еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Денсаулықтарыңыз мықты, шаңырақтарыңыз шуақты, білім мен ғылым саласына қосқан үлестеріңізге әлі де толағай табыстар тілейміз!



Нөмір нақылы:

**ЕГЕМЕНДІ
ЕЛ КӨРІКТІ**

Үздіктер қатарындағы университет

Ғасырға жуық уақыт халқын сауаттандыру, ғылымын жаңартуға күш салып белсенді қызмет атқарып келе жатқан, аймағымыздағы жоғарғы оқу орындарының көшін бастайтын Қорқыт Ата атындағы университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызы

жаңа оқу жылы басталған тұста білім ордасының тыныс-тіршілігіне тоқталып, жоспарлы есеп беру шарасын өткізді. Университет басшысы мәлімдеген бірқатар көңіл қуантарлық жайттарға тоқталайық.

Жалғасы 2 бетте

Ұжымның бірлескен жұмысы нәтижесінде 2020-2022 жылдары университет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жасақтайтын ҚР сұранысқа ие ЖОО Ұлттық рейтингінің ТОП-10 құрамына тұрақты орнықса (7-8 орындар), биыл 16 білім беру бағдарламасы (6 бакалавриат, 4 магистратура, 6 докторантура БББ) үздік үштікке енді.

Ерекше тоқталатын жайт, еліміздегі

ды. Стартап-инкубатор бағдарламасына қатысушылар арасында 5 000 000 теңге көлемінде сыйақы беріледі.

Сондай-ақ, студенттер мен оқушылар үшін «НАСКНАТОН» конкурсы ұйымдастырылуда. Студенттерге 450 000 теңге қаржылай сыйақы, ал мектеп оқушылары үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен арнайы гранттар бөлінеді.

верситет ғалымдары «Ғылым қоры» АҚ, «CTS Solutions» ЖШС, «Байқоңыр ӘҚК» АҚ, бірлескен коммерцияландыру жобасын жүргізді.

Құрамында мұнайы бар қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асырған жобаның жалпы құны – 861 млн.теңгені құрайды. Нәтижесінде 95-97% мұнай қайта өңделеді.

Оқу орны ғалымдарының қатысуымен

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

сұранысқа ие Жоғарғы оқу орындарының ұлттық рейтингісі бойынша «Дәстүрлі музыка өнері және хореография», «Физика және математика», «Тарих» пәндері 1 орынға шықса, 2-ші орында «Су шаруашылығы және жерге орналастыру», «Биология, география және химия мамандықтары, 3-ші орында «Аграрлық технологиялар, сәулет және құрылыс өндірісі»; «Педагогикалық – психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламалары қатар түзейді.

Мүмкіндіктер мекені

Оқу орнында 113 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар дайындалады. Оның ішінде 64 бакалавриат, 36 магистратура 13 докторантура деңгейінде мамандықтар бар.

Сонымен қатар, уақыт талабына сәйкес, «Әкімшілік Әділет», «География – Тарих», «Мұнай газ ісі» бағыттары негізінде 3 жаңа білім беру бағдарламасы ашылды.

Онлайн курстар әзірлеу де уақыт талабынан туындап отырған жайт. Атап айтқанда, «Корпоративтік қаржы»; «Бизнестегі мемлекеттік сатып алу жүйесі»; «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар»; «Қазақстанның қазіргі заман тарихы»; «Сақтандыру»; «Мәдениеттану»; «Математика 1»; «Дискретная математика»; «Физика 1»; «Математиканы оқыту әдістемесі»; «Элементарлы математика»; «Маркетинг» мамандықтарына жалпы 12 пән бойынша онлайн курстар толық дайын.

Кадр даярлаудағы басты міндеттердің бірі берілген білімді тәжірибемен үйлестіру. Бұл тұрғыда университет пен практика базалары арасында 646 келісім-шарт бар, оның 183-і білім беру ұйымдарымен жасалған. 163 пән бойынша 38 білім беру бағдарламасына теорияны өндіріспен ұштастыру әдістері енгізілген. Педагогикалық БББ бойынша 2, 3 – курстың 1117 білім алушысы мектептерде іс-тәжірибеден өтуде. Өндірісте университеттің 94 кафедра филиалы жұмыс жасайды.

Кәсібі бардың нәсібі бар

Бесжылкөлемінде жастардың инновациялық идеяларын қолдау, IT саласының жобаларын дамытумен айналысып келе жатқан жобаларға 1960 жас қамтылған. Қазірде 46 жоба жүзеге асырылуда. Өткен оқу жылымен салыстырғанда жобалар бойынша жасалған келісім-шарттар биыл 31 пайызға артып отыр.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіп ашуға қызығушылығы бар жастар үшін жұмыс жасап келе жатқан «Кәсіпкерлік орталығы» биыл Astana Hub халықаралық стартаптар технопаркімен бірлесіп «Startup Orda» атты инкубациялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Жоба аясында Қазақстанның 10 қаласында 300 онлайн және офлайн білім беру іс-шарасы қолға алынады. Инкубаторға қатысушылар IT жобаны іске қосудың тиімді тәсілдерін және алғашқы инвестиция тартуды үйренуге мүмкіндік ала-

«Бизнес-старт» кәсіпкерлік орталығының жұмыстары аясында облыс жастары арасында дәстүрлі түрде «РЕСНАКУСНА» танымдық-тренинг кеші ұйымдастырылады.



-Университетте белсенді, креативті жастарға арналған «ENACTUS KAZAKHSTAN» ұйымы жұмыс істейді. «ENACTUS KAZAKHSTAN» 33 мемлекетте құрылған, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік бағыттағы жобалармен жұмыс жасайтын әлемдік ұйым.

Жеңімпаздар жасаймыз

Еліміздегі жоғары оқу орындары арасында өткізілетін Республикалық студенттік пәндік олимпиадада 21 білім беру бағдарламасы бойынша 62 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, Тарих; Шетел тілдері және аударма; Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика; Педагогикалық-психологиялық білім беружәне оқыту әдістемесі; Экономика және басқару; Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық; Физика және математика; Биология, география және химия; Информатика және ақпараттық – коммуникациялық технологиялар; Сәулет және құрылыс өндірісі; Инжинирингтік технологиялар және экология; Су шаруашылығы және жерге орналастыру; Электр энергетикасы және өміртіршілік қауіпсіздігі кафедрасы; Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері кафедралары жеңімпаз дайындауда алдыңғы шептен көрінуде.

Іс тетігін маман шешер

Білім ордасында 522 профессор-оқытушылар құрамы білім беру қызметін атқарады. 27 ғылым докторы, 40 PhD докторы, ғылым кандидаты 187, 213 магистр. Оқытушы-профессорлар құрамы 100 % біліктілік арттыру курстарынан өткен. «Болашақ» бағдарламасының 4 түлегі жұмысқа қабылданды. 7 оқытушы-профессорлар «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.

Университетте енгізілген оқытушылар мен қызметкерлерді ынталандырудың жаңа жүйесі өз жемісін беруде. Қызметкерлердің еңбекақысы жылдан-жылға артып отыруы да қуана жеткізетін жаңалық.

Инновациялық игіліктер

Инновациялық технология бойынша уни-

мұндай жобалар көптеп саналады және ел игілігіне жүзеге асырылып жатқандары да молынан. Бұл олардың бір парасы ғана.

Әріптестік әлеуеті кең

Өткен оқу жылында 8 шетелдік білім беру ұйымдарымен, оның ішінде К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу мемлекеттік аграрлық университеті, Новосібір мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығы, «Манас» Қырғыз-түрік университеттерімен және т. б. ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қойылды.

Сонымен қатар, АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетімен бірлесіп экология саласында, Неміс гуманитарлық зерттеулер қорының қолдауымен археологиялық жобалар жүзеге асырылуда.

Ресей, Түркия, АҚШ, Корея, Англия, Швейцария, Болгария елдерінен келген 10-нан астам шетелдік оқытушылар дәріс берді. Білім алу-

шылар қатарында ҚХР, Моңғолия, Өзбекстан Республикасы және Түрікменстан Республикасынан келген 12 шетелдік студенттер бар. Академиялық ұтқырлық негізінде 25 студент өзара әріптестік орнаған шетелдік жоғарғы оқу орындарында білім алып келді. Таратып айтқанда, халықаралық ынтымақтастық негізінде инженерлік технологиялар және экология мамандықтары бойынша шетелден келіп дәріс беріп жатқан оқытушылар мен шетелден келген білім алушылар басымдылық танытса, академиялық ұтқырлыққа келсек, гуманитарлық-педагогикалық институтының студенттері белсенділік танытуда.

TOEFL тест орталығында университеттің 33 қызметкері білім алды.

Мәнді болса жастық қымбат

Оқу орнында жастардың өзара бас қосатын орталары қалыптасатыны заңдылық. Бұл тұрғыда университетте 22 жастар ұйымы, 13 спорт секциясы жұмыс жасайды. Әлем және Азия чемпионаттарының 30-дан аса, Қазақстан чемпионатының 100-ден астам жеңімпазы мен жүлдегері бар.

«Ақиқат» пікірсайыс клубының мектептердегі филиалдары, «FEED BACK» ашық алаңы, «Алтын домбыра» жас ақындар орталығы, «ORDA IDEAS» өңірлік сарапшылар алаңы, «7 сұрақ алаңы» жастар ұйымдарының жұмыстары нәтижесінде белсенді студенттер қатары да күн санап көбеюде.

Жаңашылдық – заман талабы

Студенттер сарайында орналасқан кітапханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, OPEN SPACE форматында қайтадан ашылды.

Ғалымдарымыз атындағы дәрісханаларға демеушілер есебінен құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңаша сипатқа енді. **Мақсат айқын. Алдымызда көптеген маңызды міндеттер тұр. Ұжымның бірлігі жарасқан қалтқысыз қызметі арқасында ел өркендеуіне салмақты үлес қосуда өзіндік сара жол көрсете алатынымызға сенім мол.**

РУХЫ БИІК ХАЛЫҚ-РЕСПУБЛИКА БЕРІКТІГІНІҢ КЕПІЛІ



Б. Қожамбердиев
Қорқыт Ата
атындағы Қызылорда
университетінің
профессоры, философия
ғылымдарының докторы

ЕГЕМЕНДІК-ЕРКІНДІК

Қазақ халқының болмысында айрықша орын алатын ұғым бар: бұл тәуелсіздік ұғымы, сан ұрпақ аңсаған тәуелсіздік адамзат баласының болмысында ерекше орын алатын қасиетті, қадірлі ұғым болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында біз жоғалтқанымызды түгендеп, мемлекеттігімізді қалыптастырдық, әлемдік қауымдастық мойындаған елдердің біріне айналдық. Қазақ халқы қай заманда, қандай жағдайда болмасын өз болмысының азаттығын өз өмірінен артық қойған халық. Сондықтан, қазақ елінің дүниетанымдық түсінігі әрқашан және әр кезде азаттық, тәуелсіздік ұғымдарымен астарласа жатады. Себебі, қазақ халқы өз ұлтын, өз жерін қасиетті санаған.

Шындығын алып қарасақ, жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік екең өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал адам ше? Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көнбей, еркіндікке талпынған тірі пенде қашан жер қойнына кіргенше, өз мүддесі жолында тырмысып, тырбанып өтпей ме? Тіпті, нағыз тәубәшіл де төзімді кісінің жан сарайына үңіліп қарасаңыз, оның да көкірегі еркіндікке бұлқынған арман мен мұратқа толы. Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы, шаруашылығының, ұлттық ойлауы мен тілінің, дүниетанымының тығыз байланысы бір ұлт етіп ұйытқан кез-келген халық ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды аңсаған. Жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандап өтеді. Арманынан айырылған, сенім мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та, мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып ақырында жоғалып бітеді.

ЕРКІНДІК – АТА-БАБА АМАНАТЫ

Үш ғасыр бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп дербес мемлекетін орнатып, аз уақыттың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді деп таң қалатындар болса, сол ұлы күш – ғасырлар бойы халқымыздың көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен азаттық рухы дер едік. Сонау көк түріктер заманында айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер халықтың тікелей мұрагерлері кейін адамзат көшінің соңына сырғып, бодандық қамытын мойнына киеді деп кім ойлаған? Бұл, бәлкім, кезінде ертеңгі болашағын парасатпен бағамдай алмай, қауіп қатерді елең қылмай, өзге жұрт жаппай меңгеріп жатқан жаңалық атаулыны көзіне ілмей, астамсыған, тәкәппарлығымыздың жазасы болар. Бұл, бәлкім, адамзат дамуының ұлан-ғасыр кезеңіндегі өң бойында көшбасшылық тізгінін алма-кезек қолына алған халықтарды дүркін-дүркін сынға алып, ділі мен тілінің, рухы мен төзімінің беріктігін тексеріп отыратын тарих заңы болар. Қалай болғанда да, бір кезде ат тұяғы жетер маңдағы жұртты айбынымен сескендіріп, Евразия құрлығының орталығын емін-еркін иемденген бостандық сүйгіш халқымыздың сыртқы және ішкі қайшылықтар мен жанжалдар шырмауынан шыға алмай, ақыр соңында бодандық бұғауына маталып тынғаны ақиқат. Ұлы Абай айтқандай, «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп» жат жұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасыр бойы тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы тәуелсіздік, отаншылдық, ұлтшылдық рухын езіп-жаншып, дүниетанымымыз бен тілімізді, ділімізді әр түрлі қитұрқы идеологиялық қисындар қалыбына салуға тырысып баққаны өмір шындығы. Бірақ, халық көкірегіндегі тәуелсіз елдігін қайта орнатсақ деген сенім мен үміт ұшқыны қоздап жанып, ауық-ауық лап етіп белгі беріп қалатын. Әсіресе, ХХ ғасырдың басында қаулап өсіп жетілген демократиялық ұлттық интеллигенция шоғыры, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуальдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындауға бел шеше кірісті. Олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ах-



мет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұстафа Шоқай және тағы басқа қазақ ұлтының зиялы азаматтары болды.

Жан-жақты білімдарлық пен пара-саттылықты, саяси күрестің тәсілдерімен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демократияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғылардан мүлде өзгеше-тұғын. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ең сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қонырауының сарыны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған азаматтар рухын шындаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз ел болуға жеткізіп, Республика күнін ұлық мереке ретінде тойлауға қанаттандырып отырған да сол рух. Халық жадында жаңғырып, оның күнделікті өмірімен астасып, сабақтасып отырмайтын тарих – ол өлі тарих. Жансыз тарих жер бетінен жоғалған халықтарда ғана болады. Бұрын қазақ елінің тарихы, қазақ халқының жүріп өткен ұлы тарихи жолы құр деректер тізбегі түрінде самарқау баяндалып келсе, бүгінгі талап басқаша. Біз осы тарихымызды ұлттық және стратегиялық мүдде тұрғысынан, халқымыздың ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз саяси процесс ретіндегі ұлт-азаттық күрес түріндегі қасіретінен сабақ алып, жарқын тұстарына орынды мақтана отырып, қайта жазып отырмыз. Осы орайда, халқымыздың қоғамдық – саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіресі іспетті тәуелсіз ел тарихын қайта бір парактап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы болмақ. Сондықтан да, сонау ХХ ғасыр басындағы зиялы қауым ұстанған ұлттық идея қазіргі күні тәуелсіз елімізде іске асуда.

ТӘУЕЛСІЗДІК-БАЯНДЫ ТҰҒЫРЫМЫЗ

Тәуелсіздік Қазақстан халқына ең басты игілік – еркін өмір сүру азаттығын берді. Нағыз қазақи өмір сүру үшін сол ұлтқа етене жақын, қаны мен жанына сіңіскен ұлттық өмір салтын, қазақша өмір дәстүрін ұлттық тәрбиені қалыптастыру қажет. Шын мәнінде, қазақ халқы үшін өмірдің әлеуметтік-философиялық мазмұн-мәні дәл осы ұғымға келіп тіреледі. Адамдардың нақты қоғамдық қатынастарда қалыптасатын ойлау жүйесі, өмір салтының рухани желісі, әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары, әсіресе, олардың санасында берік орын алған ақпараттық өрістері елдігіміздің қалыптасуы мен дамуына, әрі өзгеруіне айрықша зор ықпал етеді. Ізгілік пен рақымшылдыққа ұмтылу – барша адамның бойында бар қасиет. Бірақ, ізгілік пен рақымшылдықтың өзі туа біткеннен болмайды. Сондықтан оған адамдарды үйретіп, ұлттық үрдісте тәрбиелеп, оқытып отыру қажет. Ізгілікке, адамгершілікке қабілетті жандардың ішінде оған өз құмарлығын шектей алатын адамдар ғана жете алады. Адамдар сезімдік түйсіктер арқылы алынған деректер негізінде заттардың қасиеті мен сипаттарын таныса, ақыл-ой арқылы жалпылықтың мәнін түсінуге ұмтылады. Сол себепті адам өзін-өзі үнемі ұлттық рухани жағынан жетілдіріп тұруы тиіс. Ұлттық рух мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет, себебі, мұның өзі әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын, халық даналығынан жинақталған еркіндіктің түрі. Рухы биік күшті елдердің қашан да бағы таймаған. Ұлттық рухын сақтап қалған ел ғана өз ерлерін қорлатпайды, өздері де қорланбайды, қорғайды.

Республика күнінің маңыздылығы айрықша екендігі аян. Еркіндіктің, ынтымақтың, келісімнің белгісі ретінде аталып өтетін мерекенің ұлттық сипатқа ие боларлықтай дер шағы осы күз айы болса керек. Қазан айындағы егін-терім жиналып, берекелі, қазыналы, тоқшылық уақытымен тұспа-тұс келетін мемлекеттік мерекені жұртшылық жатырқай қоймасы белгілі.

Ендеше, қос мерекені қатар тойлау қарсаңында аңсап жүрген «Жаңа Қазақстанымыздың» жарқын көрінісін қалай елестете алады екенбіз? - деген мақсатта аймағымыздың маңдайалды оқу орнының бірқатар ғалым-ұстаздары, белсенді жастары арасында сауалнама жүргізген едік.

1. «Жаңа Қазақстанның» игілігі қандай болу керек деп ойлайсыз?

2. Ел болашағы жарқын болуы үшін өткенімізден қандай сабақ алуымыз қажет?



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННАН ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КҮТЕМІЗ



*Т.ғ.к., ардагер-ұстаз
Ермаганбет Ысқақ Нұзманұлы*

1. Қазақстанның әл-ауқаты, әлеуметтік жағдайы дамыған мемлекеттердің деңгейімен теңессе, елдің экономикалық ахуалы шикізатпен қамтамасыз ететін мемлекет емес, өндіруші мемлекеттер қатарына қосылатындай дәрежеге көтеріле алса, және мұның барлығы сөз жүзінде ғана емес іс жүзінде көрініс тапса, «жаңа Қазақстандық» болуға лайықты тұлғалар қалыптасар еді.

2. Өткен кезеңдердің жақсылықтары да болады. Жаңарту, жаңғырту ұранымен ескіден біржолата тазару қажет деген дұрыс емес. Мәселен, білім саласына тоқталсақ, оқу үдерістеріне жалпылама өзгерістер енгізуде кемшіліктер бар. Бір жүйеге келтіру барысында әр саланың артықшылықтары мен күрделілігі ескерілуі қажет еді. Айталық, Германиялықтардың тәжірибесінде инженерлік мамандықтарға 7 жыл оқытады. Себебі, олар техникалық қауіпсіздікті басты назарда ұстайды.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылына дейін 1-ші сыныптан бастап, үштілділік қағидатын ұстанған жалғыз мемлекет Қазақстан болды. Содан бала білімді болып кетті ма?

Жалпы, мен Беларусияның Минск қаласында 4 жылдай дәріс беріп келдім. Сонда көзім жеткен шындық, алғыр, зеректік қасиеттер қазақтың қанына сіңген. Сол ерекшеліктерімізді дұрыс пайдалана білгеніміз жөн. Батысқа еліктеп салт-дәстүрден де алшақтап бара жатқан жайымыз бар. Ең бастысы біз «ҚАЗАҚ» екенімізді ұмытпауымыз керек.



*Гуманитарлық-педагогикалық институт директоры,
т.ғ.к., доцент*

Тайман Сағат Тамшыбайұлы

1. Жаңа Қазақстанда еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол, өткен тарихтан сабақ алатын, болашағын жасай білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін жоғары білім саласында академиялық адалдық қағидаттары басты құндылыққа айналуы керек. Сонымен қатар, қоғамдық пікір қалыптастыруда ұлттық рухты ғалымдардың, жастардың пікірі, қай сала болмасын ғалымдардың ғылыми зерттеу нәтижелері көбірек қолданысқа ие болуы керек, бәсекелестік ортада ізденістерді, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды көбейту қажет. Ол үшін ғылыми әлеуетті көтеру, жастарды ғылымға көптеп тартуымыз керек. Қай сала болмасын еліміздің тұтастығы мен бірлігін сақтау, өркендеуі үшін жасалып отырған реформаларды қолдап, бір мақсатта, бірлікте, ынтымақта жұмыс жасауымыз керек. Әр азамат үкімет «маған не береді?» деген сұрақ емес, «мен еліме не жақсылық істей аламын?» деген сұрақтың шешу жолын іздеу керек. Сонда ғана болашағымызда жетістіктер мен игіліктер мол болады.

2. Ең бірінші қоғамдағы авторитарлық жүйеден, сыбайластық, жемқорлықтан арылуымыз керек. Қоғамда демократиялық саяси жүйе басымдылық алып, заңның үстемдігі орнауы керек.



*Т.ғ.к., доцент
Қалиев Бақыт
Қалиұлы*

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы күнді, егемендікті аңсап кетті, армандап кетті. Егемендік әрбір халыққа, ұлтқа беріле бермейтін бақыт. Енді «жаңа Қазақстан» орнату жайында айтылып жүр. Көптеген саяси реформалар, экономикалық реформалар жүргізіліп жатыр. Осы реформалардың игілігі Қазақстан халқына, қазақ халқына жұмыс жасаса нәтижесінде, олардың әл-ауқаты артар еді. Мен жаңа Қазақстаннан осыны күтемін. Көршілес мемлекеттермен тату қарым-қатынаста өмір сүруіміз керек. Әсіресе, Орта Азиялық мемлекеттеріміз бар, бауырлас мемлекеттеріміз бар, Ресей федерациясы, шығыс жақта Қытай халық республикасымен жақсы, достық қарым-қатынаста болып, экономикалық реформаларды жүзеге асырып, Қазақстан мемлекеті дүниежүзіндегі мықты, дамыған экономикалық мемлекетке айналуы қажет. Біздің жаңа Қазақстаннан тағы бір күтетініміз, білімді жастар көбеюі керек, елді білімді жастар басқарса, ғылым мен мәдениетті көтерген дұрыс. Сонда ғана бүкілдүниежүзілік қауымдастықта халқымыздың орны нақтыланған болар еді.

2. Өткеннің бәрін жаман деп айтуға болмайды. 30 жылдың ішінде көптеген жұмыстар жүргізілді. Бір ғана нәрсе көршілес мемлекеттермен шекараны нақтыладық. Бұл үлкен нәрсе. Көріп отырсыздар, қазіргі жағдайда көптеген мемлекеттердің арасында шекара мәселесі шешілмей жатыр. Екінші мәселе, қазақтың туын Қазақстанның орталығына апарып көтердік. Ел орталығын Астана қаласына көшірдік. Астана қаласы бүкіл дүниежүзінде өзінің орны бар қалаға айналды. Өткенде болып кеткен келеңсіз жағдайлар бізге үлкен сабақ Ел басқарып, отырған азаматтарға нақтылап айтарым, билікке таза азаматтар келіп, елді таза азаматтар басқарғаны абзал. Сол кезде ғана біз мықты мемлекетке айналамыз.



Т.с.д., ардагер-ұстаз
Өмірзақов Серікбай Ыдырысұлы

1. Тәуелсіздік жылдары әлемдік қауымдастықта еліміз біртұтас тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Әрине, ол оңай шаруа болған жоқ. Жеткен жетістіктерімізбен қатар әттегенайларымызға да қалың көпшілік куә.

Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген жастарымыздың алды ат жалын тартып бүгінгі күні түрлі салаларда қызмет жасауда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам назарына «Жаңа Қазақстан» концепциясын ұсынды. Ол туралы БАҚ көздерінде таратылып, қалың жұртшылық қолдады.

Еститін үкімет, «күшті Президент, ықпалды Парламент—есеп беретін Үкімет» формуласы жарияланды. Және содан қоғам үміттенді. Дегенмен, өзгерістердің тез болмауы бүгінгі күні алаңдатушылық туғызып отырғаны да шындық. Билік дегеніміз кең мәселелерді қамтитын түсінік, сондықтан билік өкілдерінің қоғам алдындағы жауапкершілігі, тазалығы, білімділігі, іскерлігі, ұлтжандылығы патриоттығы өте жоғары болуы тиіс. Сөз бен істің қабыспауын біздің қоғамда үлкен тәуекелдер көзі екенін билік өкілдері терең ұғынуы, іс-әрекеттерін осы тұрғыдан жүргізгендері абзал. Халықтың көзі ашық. Билік өкілдері өзінің мансабы үшін өтірік уәделер, әңгімелер айтпай шындықты түсіндіруі, айтуы керек.

Әрбір қазақ жалғызым дегендей, Қазақстанның әрбір елді мекенінің стратегиялық маңызы зор. Сондықтан барлық деңгейдегі әкімдер рейтингісі өндіріс, жаңа жұмыс орындарын ашу, аймақтың табиғи, адами ресурстарын әділетті, тиімді пайдалануды ұйымдастыру, әлеуметтік мәселелерді дұрыс шешіп адамдардың комфортты жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ету көрсеткіштерімен бағаланғаны жөн.

Тәуелсіздік жылдары болашағы (перспективасы) жоқ деген желеумен талай ауылдар тарап, мал-мүлкі, жер-суы, мектеп, клуб, т.б. тістегеннің аузында ұстағанның қолында кетіп, «кім ұтты, кім ұтылды?»- деген үлкен сұрақты тудырды.

Жаңа Қазақстан құруда қоғамның барлық саласында жіберілген қателіктерді екшелеп, себеп-салдарын анықтап, кінәлілерді көрсетіп, орындалатын нақты стратегиялық жоспармен жұмыс жасалғаны дұрыс.

Қазақстан экономикасы шикізаттарды экспортқа шығаруға негізделген болмауы тиіс. Экономиканың барлық саласын әртараптандыру қажет. Қазірде мұнай, газ қорлары азайды деген желеумен олардың жаңа көздерін ашу мақсатында геологиялық іздестіру жұмыстарын күшейтуге орасан зор қаржы бөлініп отыр. Сонда болашақ ұрпақтарымыздың үлесі қайда, әлде біз бәрін бүгін ішіп-жеп тауысып кетуіміз керек па? Осы салалардан түскен пайданың игілігін халқымыз тең көріп отыр ма? Осындай орасан зор территориямыз, мол қазба байлық көздері, 19,0 млн-нан аса халқы бар елдегі жұмыссыздық, төменгі айлық, қысқа өмір сүру, зейнет жасының ұзақтығы т.б проблемалардың болуы Жаңа Қазақстан құрудағы билік тарапының басшы назарларында болатын мәселелер.

Халық ел байлығының игілігін Жаңа Қазақстанда тендей көріп әділетті, демократиялық қоғамда өмір сүргені оң болар еді.

2. Қазақ халқында «Үмітсіз шайтан» деген сөз бар, біздің барлығымыз да еліміздің жарқын болашағынан үміттіміз. Әрине, «алма піс, аузыма түс» деп жатқаннан ештеңе болмайтындығы да белгілі. Сондықтан әділетті қоғам орнату және өндірісті дамыту жарқын болашақтың жолы екенін өмір көрсетіп отыр.

Отандық ғылым мен білімді дамыту арқылы барлық сала бойынша озық технологиялар жасап, өндіріске енгізу арқылы әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке төтеп беретін экономика жарқын болашақтың іргетасы екендігі белгілі. Оны жасайтын білімді, білікті, еңбекқор, халқын, елін, сүйетін өзіміздің жастарымыз.



А.ш.с.д., ардагер-ұстаз
Тауменов Ибадулла Айғалиұлы

1 Жаңа Қазақстанда елдің Ата заңы қатаң сақталуы тиіс. Оны әркім өз қалауынша бұрып алуына жол бермеу керек. Демократия деген халықтық басқару. Қоғамның әрбір мүшесінің құқығы қорғалып, пікірі ескерілу керек. Еліміздің дамыған елдердің алдыңғы легінде болуына, яғни 30 елдің қатарына кіруге әлеуеті де, адами капиталдың интеллектісі де, материалдық байлығы да жетеді. Бастысы, елге қанағатшыл, халқын ойлайтын, демократ, көреген басшы керек, оны халық 20 қарашада дұрыс таңдайды деп ойлаймын.

2 Өткеніміз деп соңғы 30 жылды алатын болсақ, елімізде көп жұмыстар атқарылды. Алайда, әлі де атқарылар жұмыстар жеткілікті. Солардың арасында ең маңыздысы, жас ұрпақ тәрбиесі. Біз коммунизмнің «Адам адамға дос және бауыр» деген қағидасын ұмытпауымыз керек. Жастар білімді, тәрбиелі болып, үлкендерге құрмет, кішіге қамқор болу керек. Рухани құндылықтарға мән берсек, ақша дүние, материалдық байлықтар, даңғазалық, мақтаншақтық бізді орға жығуы мүмкін. Әрбір қазақ Абай атамның құнды өсиет өлеңдерінен, кара сөздерінен тағылым алса деймін. Әлемде жайлаған жұмыссыздық, еңбек қорларының миграциясы Қазақстанды айналып өтсе. Шикізатымызды сыртқа сатпай, дайын өнім күйінде сату үшін шағын өндіріс орындарын әрбір елді мекенде орналастырса дұрыс болар еді. Мемлекеттік құрылым Республика болғаннан кейін өркениеттегі елдердегідей сөз еркіндігі орнап, халықтық басқару болады деген үміттемін.



Ғылыми кітапхана директоры
Сатбаева Гулмира Әлібайқызы

1. Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін Президентіміз ерекше атап өтті. Оны жүзеге асыру үшін Үкіметке білім гранттарының санын көбейту, шет аймақтарды білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету және елімізде шет елдің озық университеттерінің филиалдарын ашу тәрізді тапсырмалар берді. Бұл дегеніміз, бір жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарына зор міндет жүктесе, екінші жағынан бәсекелестікті арттырып, сол арқылы сапалы маман даярлауға жол ашады деген сенімдеміз.

Жүйелі реформалар жасалу керек. Атап айтқанда, құқық қорғау жүйесін толық жаңғырту, жаңа өндіріс орындарын ашу, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу.

Ұлттық табыстың игілігін жалпы халық көру үшін макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру қажет. Сондай-ақ шағын және орта бизнеспен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру секілді тәсілдер керек.

2. Тәуелсіздік алғалы бері елде әлеуметтік, бизнес, экономика және ұлттық байлықты игеру саласында қалыптасқан, тамыры тереңге кеткен проблемалар алдағы уақытта тиісті дәрежеде шешілгені дұрыс.

Елдегі азаматтардың арыз-өтініштерін ескеретін, «тыңдаушы мемлекет» қағидасын дамыту, әлеуметтік мемлекет құруды, баға тұрақсыздығы мен қымбатшылықты, ұлттық валютаның девальвациясын және инфляцияны ауыздықтау, олигархиялық әділетсіз жүйені жою, елдің ішкі қауіпсіздігі мен сыртқы қорғанысын қамал етуді стратегиялық міндеттер ретінде алынуы – Қазақстанды тұрақтылық пен бейбітшілікке, экономикалық дамуға алып баратынына кәміл сенеміз.



«Бизнес-Старт» жастар кәсіпкерлік орталығының жетекшісі
Түбекбаев Жанарыс Алтынбекұлы

1. Мемлекеттің дамуына қосқан үлесіне сәйкес, еңбегіне қарай елдің игілігі елге тиесілі болу керек. Әлеуметтік топтарға нақты басымдық берілуі қажеттілік.

2. Жемқорлық ешқандай апармайтынын ескеріп отырған абзал. Халықтың саяси сауаттылығын дұрыс қалыптастыруға күш салған жөн болар еді. Ең бастысы, мемлекеттік қызметшілер халықтың қызметшілері екенін ұмытпаса екен.

Жаратылыс атаулының дені дерлік табиғатпен үндесіп жататындығын мойындаймыз, әрине. Десек те, күнделікті қарбалас тіршілікпен оны елей қоймайтынымыз рас. Алайда, түптеп келгенде табиғатқа үңілсек сол тіршілік барысында шиеленісіп жататын мәселелердің шешімін табатынымыз да ақиқат. Адам баласы бұған күн өткен сайын көз жеткізіп келе жатыр және қарсы уәж айта алмасы сөзсіз.

Біздің кейіпкеріміз, сол табиғатты жан-дүниесімен түсіне білетін, оны құрметтеуді сонау балалық шағынан әке тағалымымен бойына сіңіріп өскен, болмысы бөлек жан. Бүгінде Қорқыт ата атындағы университеттің Аграрлық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к Нұрымова Раушан Дүйсенқызымен әңгіме өрбіткен едік.



Табиғат – мәңгі тозбас құтты қоныс

- Табиғатпен достығыңыз бала кезден басталған сияқты...

Адам мен табиғат ұғымы егіз, себебі адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Халқымызда «Жер – Ана» ұғымы қалыптасқан. Жерді өз анасындай қастерлеу – біздің ата салтымыз. Иә, ата-анам мені бала кезімнен табиғатты қорғауға, аялауға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге үйретті. Әкемнің туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін көріп өскендіктен, менің де таңдаған мамандығымның табиғатқа, өсімдікке байланысты болуы кездейсоқ емес.

- Қоршаған орта жанашырының бір күні қалай өтеді?

«Баптағанға – жер жомарт» деп халық даналығы бекер айтпаған. Университетіміздің агробиологиялық орталығы – білім алушылар мен магистранттар үшін теориялық білім мен практиканы ұштастыра отырып, өсімдіктер мен жеміс ағаштарын егіп, сорттарын сынаудың керемет мүмкіндік алаңы. Қоршаған орта жанашыры білім алушылармен бірге жеміс ағаштарын отырғызуға, тәжірибе барысында екен гүлдерге, алма ағаштарына күтім жасаумен әр күнін өткізуге қашанда даяр.

- Демалысты қалай өткізесіз?

«Таза ауа – жанға дауа» дегендей, демалыс күні де эксперимент алаңына барамын. Бара алмай қалсам, келесі күні барып олармен тілдесемін. Өсімдіктерді баптаудан қуат алып, демаламын.

- Қазірде табиғи заңдылықтармен тығыз байланыс туралы көптеп айтылатын болды. Осы тұрғыдағы сіздің ойыңыз?

Әлемдік тәжірибеде дәлелденгендей, «жасыл» экономика аймақтық дамуды, әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етуді, «жасыл» экономика секторында құрылған жаңа жұмыс орындары есебінен экономикалық әлеуеттің ұлғаюын реттейді. «Жасыл» экономикаға көшу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы секілді қауіп-қатерлердің ықтималдығын төмендетеді. Дұрыс жолға қойылған жүйелі әрекет, мүдделі тараптардың үйлесімді ісі, мемлекет, бизнес пен қоғамның бірлесіп атқарған жұмысы бар кезде, Қазақстанның бұл бағытта да әлемдік аренада жоғары жетістікке жететініне сенемін. Бүгінде «Жасыл экономика» идеясын іске асыру өзекті мәселе. Жа-

сыл экономиканың жоғарылауы әлеуметтік интеграцияға оң ықпал етіп, адамдардың әлауқатының жақсаруына тікелей әсер ететіні анық.

Қысқасы, барша байлықтардың анасы – Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғатпен қоршаған ортаны түлетіп, гүлдендіре беру өз қолымызда. Ел мен жер, оның көгілдір аспаны мен мөлдір көлдері, байтақ даласы – біздің басты байлығымыз. Жер, су, ауа – адамзат баласына ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан мол қазына. Міне, осы қазынаны барлығымыз көз қарашығындай сақтап, ел игілігіне жұмсауымыз қажет.

Ыбырайша айтсақ, біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі. Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей жапаңдарды осы жер бетінде жасайды.

- Экологтар ғана емес әрбір адам экологиялық сауатты болу керек дейсіз ғой...

Иә, әрбір адам экологиялық сауатты болса ғана, адамзат экологиялық мәдениетін қалыптастыра біледі. Егер біз табиғатты қорғамасақ, жер бетіндегі тіршілік өледі, тіршілік өлсе, адамзат та жойылатыны хақ.

Сондықтан адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болмақ.

- «Табиғатқа тағзым» ұранының өміршеңдігі қаншалықты?

Адам – табиғаттың туындысы. Табиғаттың заңдылығы – тепе-теңдікті сақтау. Қоршаған ортаның неғұрлым таза болуы — адамзат денсаулығының мықты болуының кепілі. Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті.

- Сіздіңше табиғатқа жанашырлық білімділіктің белгісі ме?

Бүтін тіршілікке махаббат болу керек. Кей кезде айналамыздағы таңғажайып көріністерге қарап тамсанамын. Бізді қоршап тұрған жасыл желектен өзге сан түрлі тыл-

сым дүниелер қызықтырады. Табиғатқа жанашырлық – адамның сана деңгейі.

- Қандай өмірлік құндылықтарды бағалайсыз?

Отансүйгіштік, еркіндік, салауатты өмір салты, бақыт, сәттілік.

- Ел дамуында сізді алаңдататын мәселе?

Біріншіден, бүгінде жер шарында 7,5 млрд-қа жуық адам бар екенін ескерсек, 2050 жылы бүкіл әлемдегі тұрғындар саны 10 млрд-тан асып кетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде дүние жүзінде азық-түлікке деген сұраныстың арта түсетінін білдіреді. Ал өкінішке қарай, адамзат баласының көбеюімен салыстырғанда азық-түлік өндіру көрсеткіші екі есеге төмен көрінеді. Азық-түлік тапшылығы әлем бойынша басты сын-қатерлердің алғашқы үштігі қатарына енгізіліп отыр. Бұл негізсіз емес. Өйткені, қазіргі кезде миллиондаған адамның аштыққа ұшырап, миллиардқа таяу жан ауыз судың үнемі жетіспеушілігінен зардап шегіп отырғаны аталған саладағы түйткілдердің аса маңызды екенін көрсетеді. Осы жағдаяттар астық дақылдарын экспорттаушы, экологиялық таза тағам өнімдерін өндіре алатын, ауыл шаруашылығы өнер кәсібінің мүмкіндігі мол Қазақ елін алаңдатпай қоймайды.

Екіншіден, Қазақтың қоғамдық өмірінде күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті тақырыптың бірі – тіл. Ширек ғасырлық кезеңдегі тілдік ахуалымызды саралау, бүгінгімізді бағалау және болашағымызды бағдарлау қажетті іс деп ойлаймын.

Үшіншіден, салт-дәстүрімізге келсек. «Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес. Бұрынғының парқын білгендер ғана бүгінгінің нарқын білер», - деген Ғабит Мүсірепов атамыздың сүбелі сөзі бар. Сан ғасырдан бері халқымызбен жасасып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің қолданысына мүмкіндігінше қанық болғанымыз дұрыс. Жақсы жарасымын тапқан салт-дәстүрлер қазақ халқының пайым-түсінігімен, психологиясымен, тектілігімен астасып жатыр. Салт-дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық болары анық. Себебі салт-дәстүрлер ұрпақты тәрбиелеуші құрал. Өз отбасында әдет-ғұрып, жөн-жоралғы көріп өскен баладан үлкенге ізет көрсететін тәрбиелі, болашағы жарқын ұрпақтар сабақтастығы жалғасын табар еді.

- Табиғаттан нені үйрендіңіз, табиғи құбылыстарға құлақ асу керек деп ойлайсыз ба?

- Өсімдіктер - тіршілік өзегі. Самуил Яковлевич Маршак өсімдікке былай деп анықтама берген:

Болса да данасы дананың,
Өсімдік - шын тегі адамның,
Арланып жүрмеңдер ағаш деп,
Алғашқы тегіміз - ағаш, шөп.
Біз содан төзім, күш, нәр алдық,
Өміршең адам боп жаралдық!
Әрбір өсімдіктің өзіне ғана тән құпиясы бар екені аян.



Табиғат деген керемет жаратылыс. Ол адамға өмір сүруді үйретеді, өз заңына бағынуды да үйретеді. Әлбетте, табиғи құбылыстарға міндетті түрде құлақ асу керек.

Қорытындылай келе айтарым, қазіргі таңда басты мақсат жас ұрпақты ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат етіп тәрбиелеу. Білім алушылар рухани ойлау жағынан жан-жақты, өзіне-өзі басшы, кез-келген сәтте шешім қабылдай алатын жеке тұлға болуы тиіс. Шәкірттерді табиғатпен таныстыруда алдымызда мынадай мақсат тұрады: студенттің табиғатқа деген көзқарасын дамыту, өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой-пікірін айтуға үйрету. Өз өлкеміздің аң-құстарын, өсімдіктерін таныту, қорғауға әсемділігін көруге, сезінуге, пайдасын түсінуге тәрбиелеу. Болашақ табиғат жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеу.

Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде білім алушылар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі.

- Әңгімеңізге рахмет!

Р.Кенжетайқызы

Азаматтың өнімді айы



Абимолда Азамат – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша 4-курс студенті.

Азамат 3-курста Президент стипендиясының иегері атанған болатын. Сол ізді жалғап, 4-курста да стипендианттығын сақтап қалды.

Сабағымен қатар, өз қызығушылықтарына да ерекше мән беретін ол пандемия уақытында да тыным таппай кәріс тілін үйреніп, Ли апайының берген тапсырмаларын орындап жүретін. Орыс, ағылшын тілдеріне жетік студент бұл тілді де тез меңгеріп алды. Соның арқасында биыл жазғы демалыс күндері Оңтүстік Корея елшілігі ұйымдастырған «Арманыңды жүзеге асыр» байқауына қатысуға бел байлаған еді. Оған еліміздің 20 өңірінен 130-ға жуық үміткер қатысыпты. Сол конкурстың іріктеуінен өтіп, алғашқы 30 стипендия иегерінің қатарына іліккен Азамат оқу жылының басында-ақ, 3 бірдей стипендияның иегері атанып отыр.

Екінші мәрте Президент стипендиясының иегері, Н.Назарбаев қорының «ZhaSTAR» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің жеңімпазы, сонымен қатар Оңтүстік Корея елшілігінің бір реттік стипендианты. Алматыда Оңтүстік Корея елшілігі ұйымдастырған конкурстың марапаттау рәсімі өтіп, әділ қазылар эссе жазғандардың ішінде ең мықтысы Азаматтікі болғанын тілге тиек етті. 500 доллар бір реттік стипендиясын табыстады.

Ізденіс пен еңбегі қайтып Азамат кезекті мәрте өзінің үздіктердің үздігі екенін дәлелдеп шықты.

Шәкірт жеңісі оқу орнының абыройын асқақтатары анық. Ел сенімін ақтайтын Азамат бол!

Үздіктер үміт ақтады

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 21 студенті Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын иеленді.

Президенттік стипендия республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалық авторлары; ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар білім алушылар; табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар; білім беру ұйымының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатын студенттер санатына тағайындалатыны белгілі.

Бұл университет үшін де зор жетістік. Білім алушылар деңгейінің сапалық тұрғыда жоғары екендігінің нақты көрсеткіші. Олар біздің беткеуіміз мақтаныштарымыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын иеленген білім алушылар тізімі:

1. Азамат Абимолдаев – 6B03238-Журналистика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
2. Нұржан Жарылқасын – 6B04140-Экономика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
3. Перизат Тобжан – 6B06149-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
4. Ақжайық Тәжі – 6B01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
5. Жаңыл Сәрсенбай – 6B04140-Экономика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
6. Жансая Мирамбекқызы – 6B01517-Биология білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
7. Әлия Бекенова – 6B04141-Есеп және аудит білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.
8. Динара Амирова – 6B11177-Туризм

білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

9. Ақбота Әміртай – 6B07369-Жерге орналастыру білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

10. Нұрсұлтан Абибуллаұлы – 6B10276-Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

11. Аружан Алтынбаева – 6B01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

12. Малика Нурғалиева – 6B01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

13. Гүлназ Оңғар – 6B01516-Химия-Биология білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

14. Айсұлу Мақаш – 6B01511-Математика-Информатика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

15. Нұрсауле Сейткамалова – 6B01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

16. Назым Балғараева – 6B01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

17. Айжан Орынбасар – 6B04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

18. Ғайни Кошкинбаева – 6B01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

19. Нұратай Жақсыбай – 6B11279-Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

20. Айжан Бақытжан – 6B04245-Құқықтану (Азаматтық-Құқықтық) білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

21. Мақпал Абдукаримова – 6B01406-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

Оқу үлгерімі «өте жақсы» және университеттің қоғамдық жұмыстарында белсенділігімен ерекшеленген білім алушылар: - Қазіргі уақытта үздіктер қатарынан көрініп, жоғары шәкіртақыны иеленуге мүмкіндік мол. - дейді.


Республика күні секілді елдік мерекенің мәнін ұғынуда ешбір жан тысқары қалмағаны жөн. Осы тұрғыда университет тарапынан ұйымдастырылып жатқан іс-шаралар тізбегінде білім алушылар арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазудан байқау өткізілген болатын. Байқау қорытындысы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Журналистика» мамандығының 3-курс студенті Ердаулет Қалиевтың мақаласы «Үздік шығарма» болып анықталды.

«...Гүлдене бер қалам,
Мен дағы бір балаң.
Өзінді сүйеді,

Таныды бар ғалам...» Бұл менің 6-сыныбымда журналист болуды мақсат етіп, «Егемен Қазақстан» газетіне берген алғашқы тырнақалды туындым еді. Бала кезден егемен елімнің өзіндік ұстанымы бар, ұлттық ұстынды ұлықтайтын білімді де бәсекеге қабілетті азаматы болуды армандап, оқу мен білімге ерекше көңіл бөлдім. Өз Отаныма деген махаббатымның шексіз үлгісін көрсеткен шығарманың мен үшін қазір де бағасы биік. Алтай мен Атыраудың арасын жалғаған даңғайыр дана халықтың ұрпағы ретінде патриот әрі ұлтшыл болуға серт бергенмін. Міне, бала кезден осы бір буырқанған толғанысым арманымды асқақтатып, ерік-жігер беріп келеді. Өзім қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінен болған соң, ана тілімді әрдайым биік қойып, сатқындықтан сақтанамын. Дүйім жұрттың да болмыс-бітімі осылай деп сенемін.

Жалпы, соңғы уақытта еліміз ғана емес, түгел әлем алмағайып заманға тап болғаны жасырын емес. Тіпті соғыс отының алауына оранған елді, балабақшасына бомба түсіп, өмір мен өлім арасында қалған сәбиді, әкесін соғысқа жібергісі келмей шырылдаған бүлдіршінді көрдік... Дымы қалмай қираған қала орындары төбешікке айналғанына, жазықсыз жандардың жалын құшып жатқанына жүрегіміз езілді. Көрдік те бүгінгі бейбіт өмірімізге шүкіршілік еттік. Тәубемізге түсуге тиіспіз!-дейміз іштей.

Бодандықтың батпағын кешкен ата-бабамның аңсаған арманы, қолдан жасалған ашаршылық жылдарын бастан өткерген Алаш жұртының сол кездегі халі, соғыс жылдарында оқ құшқан отандастарымның Отанға деген махаббаты, бергі уақытта жазықсыз жапа шеккен желтоқсан оқиғасына қатысушы жастардың жүректілігі, тіпті өткен жылы ғана болған қаңтар оқиғасындағы қайғылы жағдай... барлығы еңсемді басып, бейбітшіліктің буын тарқатып жіберердей көрінеді. «Бір қиындықтан соң, жеңіс бар, жеңіс соңы – жетістік» деген тәмсілге сеніп, болашақта жетістікке жететін жасампаз жандардың қатарынан болуға тиіспіз деп өз-өзімді қайраймын. Иә, жақсылықтың туын көтерген перзент үшін жамандық атаулыны ойға алмай, алға нық қадам басатын тұлға ретінде «менің арманымдағы Қазақстан»



тақырыбында қалам тербеуім де елге деген шексіз ықыласымның айнымас көрінісі.

Ендеше, мен армандаған Қазақстан былай болмақ.

Таң азанымен елімнің әнұранының әуенімен оянып, күнімді шүкіршілікпен бастап, қоғаммен қарым-қатынас жасау үшін жұмысқа кірісемін. Өз тілі мен дінін, ділін құрметтеген жандардың бір-біріне мейірім көзбен қарап, адамгершілікті асқақ тұтар сәтіне куә боламын. Абыройын сақтаған арулар мен ермінезді ерлердің саны артып, Алаш қайраткерлері армандаған биік рух иелерімен сын сағатта етене жақын араласып, жаңа дамыған ортада бой түзеймін. Елімізден бөлек, дүниежүзінде тыныштықтың, бейбітшіліктің лебі соғып тұрғанын тілеймін.

Әр сала мамандары мен басшылары өз ісінің шебері әрі желкенді жетістік иелері екеніне сенім артып, қызметіне қорықпай жүгінемін. Әрбір қазақтың ұл-қызы өнер мен білімге құмар, ұстамдылық пен мәдениетке бай екеніне тағы да көз жеткізіп, ата-баба жолын жалғаған жандарды серік етіп жүремін. Елдегі әр адамның жеке мәселесі мен жағдайына мемлекет бей-жай қарамай, оны шешу жолында қайсар қадамдарға барғанын көріп, сүйсінемін. Көпшілігінің наразылығын тудырған азық-түлік бағасының түскені мен қымбатшылықтың жойылғанына қуанып, ен байлықтың рақатын қарапайым қоғам мүшелері де көре бастағанына куә боламын. Әрине, елді арамниетті жандардан тазартып, педофиль, қарақшы, қанды қол қылмыскерлерге кешірім бермей, оларды темірторға тоғытқан әділ заңымыздың болғанына ризашылық білдіремін. Себебі қоғам, әлем таза болуы үшін оның тұрғындары да адал, әділ әрі заңды құрметтейтін болуы керек деп есептеймін. Бұл – түсім емес, өңім! Елімнің бақытты елдер қатарынан табылғанына шаттанатын күн алыс емес екендігіне сенемін!

Осы бір менің қиялымдағы ел ұғымы арман болып қалмаса екен... Ғ.Мүсіреповтің: «Асылы, адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге еңбек етеді»,-деген пікіріне сүйенсек, өз арманымның орында-

луы өзіме байланысты. Ендеше, мен Махмұд Қашқари сипаттаған атасына тартып туған ұл болуым керек.

Бала кезде ертегіні жанымызға серік етуші едік. Сол сәттерде өмірді түсініп, жалауын көкке көтеріп жүруші едік. Себебі ғажайып ертегінің, ғажап сәттері өмірде де болады деген ой-қиял болғаны рас. Осының өзі біздің елге деген махаббатымызды аша білді. Бірақ қазіргі «әділетті қоғамды» әділетті деп емес, «әлеуметті» деп айтуға болады. Сөзімізге дәлел – қазір жауапты тұлғалардың басымы көпшілігі ел мен жер үшін атқаратын жұмыстарына жеке мүдде тұрғысынан қарайтын сияқты. Бұның соңы жұмыстың кері кетуіне апарады. Десек те, бар жан-тәнімен елге қызмет ететіндердің бар екендігін жоққа шығаруға болмас. Алға қойылған жоспарлар жүйелі әрі тыңғылықты орындалса, сол елімізді жарқын етеді. Мен армандайтын Қазақстанның тұрғындары қатыгездікпен қоштасып, бейбітшілік пен ашықтық ұғымын қалыптастырса деймін. Мәңке бидің мәуелі сөздері елдің ырысын арттырып, несібесін молайтады. Осыған сәйкес, ол «Еліме бір күн туар, ақша, байлық алда, мейірім қамқорлық артта қалады. Бірақ, сол кезден аман өткен ел ғана егемендігін сақтайды» дейді. Егемендікті сақтайтын жұрттың басты арманы ақша емес, бауырмалдық пен бүтіндік болу керектігі осында ашық айтылып тұрғандай.

Міне, менің арманымдағы Қазақстанның болашағы осындай болса, біздің елдің күн сөнгенше аты әлемге танылып, «әділ Қазақстан» болатынына сенім мол. Ол үшін үкімет ашық, билік тыңдаушы болса, болғаны...

Әділ Қазақстан... әділ мемлекет... әділ қоғам... Бұл менің санамда сарнап тұрған алыстағы үміт пен арманның қолұстасқан қалыбы.

Мен Мағжан сенген арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың қатарында болуға талпынамын. Барлығы уақыт еншісінде.

Ердаулет ҚАЛИЕВ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті журналистика мамандығының 3-курс студенті

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Газет тілшісі:

Раушан Кенжетайқызы

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

SYR TULEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.